



# ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№36  
(2414)  
Сенбі  
23 мамыр  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## «ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ: ТӘРТІП, ТӘРБИЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК» АТТЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС ӨТТІ

Қазалы ауданында оқу жылының аяқталуы және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ибраев және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, аудандық мәслихаттың депутаттары, мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері, аудандық қоғамдық ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесінің төрағалары, ата-аналар комитетінің өкілдері, аудандағы білім беру ұйымдарының басшылары мен мектеп бітіруші сыныптардың сынып жетекшілері қатысты.

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Қауіпсіз қоғам: тәртіп, тәрбие, жауапкершілік» атты тақырыпта өткен жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов төрағалық етіп, ауданның білім саласындағы өзекті мәселелері мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстарға тоқталды.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев - «Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез кел-



ген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды», - деп атап өткен болатын. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қалайтыны анық. Қай қоғамда болмасын, қашанда ұрпақ тәрбиесі – өте өзекті. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөз бар. Біз соңғы уақытта бала тәрбиесіне негізгі жауапты – ата-ана екенін ұмытып кеттік. Дегенмен, баланы ортаға бейімдеу, тәлім-тәрбие беруде мектептің рөлі үлкен. Мектеп-бала-ата-ана үштігі үйлесімді жұмыс істеуі керек. Отбасы – ұлттың ұясы. Ұя шайқалса, ұлт әлсірейді.

Сондықтан, біз әрбір отбасында өзара құрмет пен сенім орнатуға, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне тосқауыл қоюға міндеттіміз. Бұл бағытта барлығымыз бірігіп, жүйелі, нақты жұмыс жүргізуіміз қажет. Себебі, бұл тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың борышы. Осы орайда барлық мүдделі тараптарды бірлескен, үйлесімді жұмыс істеуге шақырамын, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Кеңейтілген мәжілісте аудан прокуроры Мадияр Бекпанов аудандағы түрлі қылмыспен құқықбұзушылықтардың, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жа-сау деректерін төмендету бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырды. Сондай-ақ, жасөспірімдер қауіпсіздігіне бағытталған түнгі

рейд сынды іс-шараларды аудан орталығымен қатар ауылдық округтерде де жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Мәжілісте №170 мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Жеңісбек Аралбаев отбасы құндылықтары, отбасындағы балаға тәрбие берудегі ата-ананың рөлі жайында сөз қозғап, ұрпақ тәрбиесіне қатысты өз ақыл-кеңестері мен ұсыныстарын жеткізді.

Мәжілісте оқу жылының аяқталуына байланысты соңғы қоңырау, аттестат тапсыру іс-шараларын талапқа сай өткізу, балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі мазмұнды ұйымдастыру, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, әлімжеттік пен интернетке тәуелділіктің алдын алу мәселелері жан-жақты талқыланды.

Сонымен қатар, жаз мезгілінен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су айдындарындағы қауіпсіздік, жол қозғалысы ережелерін сақтау, түнгі рейд жұмыстарын күшейту, жазғы тынығу лагерьлердің дайындығы мен санитарлық талаптардың орындалуы жөнінде жауапты сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.

Жиын соңында аудан басшысы мәжілісте талқыланған өзекті мәселелер жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, берілген тапсырмалардың орындалуын салаға жауапты орынбасарына жүктеді.

## АУДАН ӘКІМІ ОБЛЫСТЫҚ «ЕРЛІК» ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов облыстық «Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы Марат Орынбаймен және Ардагерлер одағының Тәжік-Ауған шекарасындағы жауынгерлік қимылдарына әрі әскери қақтығыстарына қатысушылардың Қазалы аудандық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Руслан Баймбетовпен кездесті.

Кездесуде аудан көлеміндегі Тәжік-Ауған шекарасындағы

жауынгерлік қимылдарына және әскериқақтығыстарынақатысқан азаматтарды әлеуметтік тұрғыда қолдау, олардың отбасыларына көмек көрсету, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жандандыру бағытындағы мәселелер кеңінен талқыланды.

Жиында облыстық «Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы Марат Орынбай Тәжік-Ауған шекарасындағы жауынгерлік қимылдарына қатысушы бірнеше азаматтың отбасы-

ларына көгілдір отын кіргізуге әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі ұсынысын жеткізді. Сонымен қатар, ардагерлердің тұрмыстық жағдайын жақсарту, оларға жан-жақты қолдау көрсету бағытындағы бірқатар мәселелерді атап өтті.

Өз кезегінде аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы мемлекет тарапынан ардагерлерге әрдайым құрмет көрсетіліп, әлеуметтік қолдау шаралары назардан тыс қалмайтынын

атап өтті. Сондай-ақ, көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен қарастырылатынын айтып, салаға жауапты орынбасарына газ кіргізу жұмыстарын үйлестіруді тапсырды.

Кездесуде қоғамдық бірлестіктің алдағы жұмыс жоспары, ардагер азаматтардың ұсыныс-пікірлері және өзге де әлеуметтік мәселелер төңірегінде пікір алмасу болды.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия отырысында мемлекеттік рәміздерді пайдалану, қолдану және насихаттау бағытында атқарылған жұмыстар мен мемлекеттік мекемелерде жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижелері қаралды.

Жиында аудан әкімі мемлекеттік рәміздердің талапқа сай қолданылмауына қатысты бірқатар кемшіліктерді қатаң сынға алды. Атап айтқанда, кейбір ауылдық округ әкімдіктері мен мәдениет үйлерінде мемлекеттік рәміздерді ауыстыру және жою жөніндегі тұрақты комиссиялардың құрылмағаны,



тиісті құжаттардың рәсімделмегені, күшін жойған нормативтік құжаттармен жұмыс жүргізілгені анықталған. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында да бірқатар заң талаптарының бұзылу деректері белгілі болды.

Атап айтқанда, кейбір мектептерде мемлекеттік Тудың жыртылғаны, Елтаңба мен Ту орналастырылған тұғырлардың бүлінгені, стендтердегі жазулардың талапқа сәйкес келмейтіні, кейбір мекемелерде мемлекеттік рәміздердің

толық орналастырылмағаны анықталған.

Аудан әкімі бұл мәселелерге қатысты жауапты мекеме басшыларына қатаң ескерту жасап, анықталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіруді тапсырды. Барлық мемлекеттік мекеме басшыларына мемлекеттік рәміздердің техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау жүргізу, заң талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету, жауапты тұлғалардың дербес жауапкершілігін күшейту, тоқсан сайын зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру және анықталған кемшіліктердің қайталануына жол бермеуде нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Комиссия отырысының қортындысымен аудан басшысы аудандық қоғамдық даму бөліміне тиісті хаттамалық тапсырмалар әзірлеуді міндеттеді.

## «ҚАРЛАҢ» КӨПІРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық маңызы «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16 шақырымындағы «Қарлаң» көпірі құрылысының барысымен танысты.

Қазіргі таңда жоба аясында нысанда көпірдің негізгі тірек бөліктерін орнату және бетон тіреулерін құю жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 84 дана свай қағу жұмыстары толық аяқталған. Жалпы 8 тіреудің 4-еуі орнатылып, қалған жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ, басқа да жоспарланған жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылып жатыр.

Жобаның жалпы құны 6 млрд. 746 млн. теңгені құраса, биылғы жылға жобаны жүзеге асыруға 2 млрд. 210 млн. теңге қаралып отыр.

Аудан әкімі құрылыс алаңында мердігер мекеме «НұрлыТау ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдерімен кездесіп, жұмыстың сапасына ерекше мән беруді және құрылысты

белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар, құрылыс қарқынын бәсеңдетпей, жұмыстарды жеделдетуді ескертті.

Сырдария өзеніне салынып жатқан көпір өткелінің жалпы ұзындығы 2,5 шақырымды құрайды. Оның ішінде көпірдің ұзындығы 248,29 метр болса, кірме жолдың ұзындығы 2,3 шақырым. Жоба аясында жарық бағаналары орнатылып, жол инфрақұрылымы толық қамтылатын болады. Бүгінде құрылыс алаңында 14 арнайы техника мен 25 жұмысшы жұмылдырылып, жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес қарқынды жүргізілуде.

Айта кетейік, «Қарлаң» көпірінің құрылысы аяқталғаннан кейін «Өркендеу», «Бірлік», «Қожабақы», «Аранды», «Бозкөл», «Тасөткел», «Лақалы», «Ажар», «Тасарық», «Кәукей» елді мекеніндегі 10 мыңнан астам халықтың алыс-берісі артып, жол қатынасы жақсара түспек.

## БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ КЕҢІНЕН ТОҚТАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев авиация саласын дамыту және цифрландыру мәселелері, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері сынды бірқатар маңызды мәселелерге қатысты мәжіліс өткізді.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысып, мәжілістен кейін жауапты сала басшыларына күн тәртібіндегі мәселеге орай жиналыс өткізді. Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтау, БАҚ және әлеуметтік желілермен жұмысты жетілдіру, көктемгі әскерге шақыру науқанының орындалуы, санитарлық тазалық пен көркейтуді, көгалдандыру жұмыстарының барысы қаралды.

Аудан басшысы мәжілісті бастамас бұрын кадрлық өзгерістерге тоқталып, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметін атқарған Дармағамбет Ғани Хайруллаұлын жаңа қызметке ауысуына байланысты ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін ауданның ең жоғары наградасы – «Құрмет» грамотасымен марапаттады.

Одан соң облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстау, оқу жылының аяқталуына байланы-

сты мектеп бітіру іс-шараларын жоғары деңгейде ұйымдастыру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне кеңінен тоқталып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.



Мәжілісте әлеуметтік желілердегі тұрғындар көтерген мәселелерге уақытылы жауап беру, ресми парақшалардағы ақпараттық жұмыстарды жандандыру, оң бағыттағы контентті көбейту, мемлекеттік бағдарламалар мен ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен насихаттау қажеттігін де атап өтті. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі сыни жарияланымдарға жауапты салалар 30 минут ішінде жауап беру жөніндегі алгоритмнің қатаң сақталуын тапсырды.

Дербес бөлім басшылары мен қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне әлеуметтік желілердегі белсенділікті арттыруды, республикалық

және облыстық БАҚ-пен жұмысты күшейтуді, көрнекі ақпарат құралдарын жаңартуды және баспасөзге жазылу жұмыстарын уақытылы аяқтауды ескертті.

Жиында аудан әкімі көктемгі мерзімді әскерге

шақыру науқанының орындалу барысына да тоқталып, жоспардың төмен деңгейде орындалуына байланысты және «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы санитарлық тазалық жұмыстарының барысы, елді мекендердегі бей-берекет қоқыс орындарын жою, түнгі жарық шамдарын ретке келтіру және тазалық жұмыстарын күшейтуге байланысты кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Мәжіліс қортындысымен жиында берілген әрбір тапсырманың өз деңгейінде орындалуын салалық орынбасарларына қатаң бақылауды жүктеді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандағы мектеп бітіруші үздік түлектермен кездесті. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен кездесуде аудан басшысы жас түлектерді мектеп бітірулерімен құттықтап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жастарға әрдайым үлкен сенім арта-тынын жеткізді. Сондай-ақ, Президентіміздің қолдауының нәтижесінде білім саласындағы атқарылып жатқан игі жұмыстар жайында айтып өтті.

-Президентіміз: «Жастар – еліміздің тірегі, мемлекеттің стратегиялық ресурсы» деп атап өткен болатын. Бұл сөз – сіздерге берілген үлкен баға әрі зор жауапкершілік. Бүгін осы залда отырған әрбір түлек – өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында биік белестерді бағындырған жастар. Сіздердің жетістіктеріңізде ұстаздардың қажырлы еңбегі мен ата-аналардың ақ тілеуі жатыр. Мемлекет басшысы өз Жолдауында: «Білімді ұрпақ – ұлттың



сапалы болашағының кепілі» екенін ерекше атап өтті. Бүгінде Президентіміздің Жолдауынан туындаған міндеттер аясында елімізде жастардың сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалуда. Осының барлығы – сіздердің жарқын болашақтарыңыз үшін жасалып жатқан қолдау. Сіздерге алдағы үлкен жауапты кезеңдерге сәттілік, жарқын болашақ, биік мақсаттар

тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Кездесуде білім саласының ардагері Дөңес Мешітбай, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, білім саласының ардагері Ләззат Ізбасқан құттықтау сөз сөйлеп, жас түлектердің жарқын болашағына сәттілік тіледі.

Жиында әлемнің беделді оқу орындарының грант иегері атанған №216 орта

мектептің оқушысы Темірхан Бақдаулет, республикалық олимпиадалардың жеңімпазы Әмірхан Нұртөре, пәндік олимпиадалардың жүлдегері Жеткерген Ерасыл, халықаралық және республикалық білім додаларында жоғары жетістіктерге жеткен дарынды оқушылар өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Кездесу соңында аудан басшысы түлектерге жарқын болашақ, биік мақсат пен толағай табыс тілеп, ел игілігі жолында аянбай еңбек ететін үлкен азамат болуға тілектестігін білдірді.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында ауданымызда 1015 түлек мектеп бітіргелі отыр. Оның ішінде 943 оқушы ҰБТ-ға ағымдағы жылдың 10 мамырынан бастап - 10 шілде аралығында бақ сынауда. Биыл ауданымызда мектеп бітіретін 1015 түлектің 99-ы «Алтын белгіге», 116-ы «Үздік аттестатқа» үміткер атанып отыр.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

### БАҒА БЕЛГІСІНДЕГІ БАҒА КАССАДАҒЫ БАҒАМЕН СӘЙКЕС КЕЛМЕСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес сатып алушы тауар туралы, оның ішінде оның бағасы туралы сенімді және уақтылы ақпарат алуға құқылы.

Барлығы дерлік осындай жағдайға тап болды: кассадан өнімді алып, баға белгісіне қарасақ, кассадағы баға мүлдем басқаша болып шығады. Кассир иығын көтеріп, бағаны өзгертуді ұмытып кеткенін айтады. Сіз бұл жағдайда сатып алушының тауарды тек оған төлеуге құқығы бар екенін білесіз бе? Бұл мақалада біз қандай заңдар мұны жасауға мүмкіндік беретінін қарастырамыз.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес сатып алушы тауар туралы, оның ішінде оның бағасы туралы сенімді және уақтылы ақпарат алуға құқылы. Егер кассир кассада көрсетілген бағаны тексеруден бас тартса, баға белгісін суретке түсіру арқылы осы бұзушылықты жазып алыңыз. Әрі қарай, әкімшіге қоңырау шалыңыз, өйткені кассир сізге ештеңемен көмектесе алмайды, егер мұндай қателер анықталса, баға айырмашылығы оның жалақысынан ұсталады. Сондай-ақ ашық офферта бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 447-ба-

бына сілтеме жасау артық болмас, оған сәйкес сатып алуды жүзеге асыруға ниет білдірген кез келген адам оффертада көрсетілген шарттарда сатып алуға құқылы.

Осы шарттардың бірі баға белгісінде көрсетілген баға болып табылады.

Тіпті мұндай жағдайда дүкен басшылығы тауарды кассада көрсетілген баға бойынша сатудан бас тартса да, шағымдар кітабын сұраңыз және оған тұтынушы құқықтарының бұзылуын егжей-тегжейлі көрсететін жазба жасаңыз.

Қортындылай келе, көптеген ірі супермаркеттерде баға белгілері күн сайын дерлік өзгертінін және оларды қадағалау әрдайым мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Олар мұны әдейі істеп жатыр деп ойламаңыз. Клиенттерін бағалайтын дүкен сатып алушыны жарты жолда қарсы алады және ешқандай сұрақ қоймай, өнімді кассада белгіленген бағамен сатады. Мұндай мәселелер әрдайым дерлік тұтынушының пайдасына шешіледі және осы мақаланың арқасында сіз өз құқықтарыңызды оңай қорғай аласыз.

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті**

### ЧТО ДЕЛАТЬ, ЕСЛИ ЦЕНА НА ЦЕННИКЕ НЕ СОВПАДАЕТ С ЦЕНОЙ НА КАССЕ?

Согласно статье 10 Закона РК «О защите прав потребителей», покупатель имеет право на получение достоверной и своевременной информации о товаре, в том числе и о его цене.

Практически каждый встречался с подобной ситуацией: взяв товар с прилавка и посмотрев на ценник, оказывается, что на кассе цена совершенно другая. Кассир разводит руками и утверждает, что ценник забыли поменять. Знаете ли вы о том, что в этом случае покупатель имеет право оплачивать товар исключительно по нему? В этой статье мы разберемся, какие законы позволяют это сделать.

Согласно статье 10 Закона РК «О защите прав потребителей», покупатель имеет право на получение достоверной и своевременной информации о товаре, в том числе и о его цене. Если кассир отказывается пробивать цену, указанную на прилавке, зафиксируйте это нарушение, сделав фото ценника. Далее позвоните администратору, так как кассир вряд ли вам чем-то поможет – при обнаружении подобных ошибок разница в цене удерживается с его зарплаты. Не будет лишним также сослаться на статью 447 Гражданского кодекса РК о публичной офферте, в соответствии с которой любой,

кто изъявит желание совершить покупку, имеет право сделать это по указанным в предложении условиях. Одним из таких условий и является цена, указанная в ценнике.

Даже если в этом случае руководство магазина отказывается продавать вам товар по цене, указанной на прилавке, попросите жалобную книгу и сделайте в ней запись, подробно указав на нарушение ваших потребительских прав.

В заключение также стоит отметить, что в большинстве крупных супермаркетах ценники сменяются практически ежедневно, и уследить за ними не всегда удается. Не стоит думать о том, что они делают это умышленно. Магазин, дорожающий своими клиентами, пойдет навстречу покупателю и без лишних вопросов пробьет товар по цене, установленной на прилавке. Подобные вопросы практически всегда решаются в пользу потребителя, а благодаря этой статье вы сможете без труда отстоять свои права.

**Департамент защиты прав потребителей и торговли Республики Казахстан, Министерство торговли и интеграции по Кызылординской области**

